

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Басенов атындағы сәулет, құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Садық Дінмұхаммед Сағидоллаұлы

ҚазАтомПром КАТКО компаниясының Төртқұдық уран кенорынын
техникалық және ауыз сумен қамтамасыз ету

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕЛІК ЖАЗБА

5В080500 – Су ресурстары және суды пайдалану

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ


Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т. Басенов атындағы сәулет, құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Инженерлік жүйелер және
желілер кафедрa меңгерушісі
техн. ғылым.канд.,ассоц.проф.


Алимова К.К.
“ 6 ” 05 2019ж.


Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: “ҚазАтомПром КАТКО компаниясының Төртқұдық уран
кенорынын техникалық және ауыз сумен қамтамасыз ету жобасы”

Мамандығы 5В080500 - Су ресурстары және суды пайдалану

Орындаған

Садық Д.С.

Ғылыми жетекші: техн.
ғылым.канд.,ассоц.проф.

Ауелхан Е.С.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті


Т.Басенов атындағы сәулет құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5В080500 – Су ресурстары және суды пайдалану

БЕКІТЕМІН

Инженерлік жүйелер және
желілер кафедрасы меңгерушісі
техн. ғылым канд., асоц. проф.


Алимова К.К.
“ 05 ” 02 2019ж.

**Диплом жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы *Садық Дінмұхаммед Сағидоллаұлы*

Тақырыбы: ҚазАтомПром КАТКО компаниясының Төртқұдық уран кенорынын техникалық және ауыз сумен қамтамасыз ету жобасы
Университет Ректорының 2019 жылғы "30" қазан №1210-б бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2019 жылғы " " "

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: Фондылық мәліметтерден жиналған, дипломға дейінгі өндірістік практикадан жиналған материалдар Алматы Гидрогеологиядан алынды.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Жалпы бөлім

б) Арнайы бөлім

в) Экономикалық бөлім

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

Сызба материалдарының 4 слайдта көрсетілген

Ұсынылған негізгі әдебиет 30 атаудан

1 Ахмедсафин У.М. Подземные воды песчаных массивов южной части Казахстана, АН КазССР, 1951 г. – 48с.

2 Ахмедсафин У.М. и др. Артезианские бассейны Южного Казахстана, Алма-Ата, Наука Каз. ССР, 1968 г. 15-18с.

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Жұмыс ауданы туралы жалпы мәліметтер	12.02.19ж.- 30.03.19ж.	<i>жасқ</i>
Жобаланатын жұмыстардың түрлері мен көлемдері, барлауды жүргізу әдістемесі	01.04.19ж.- 16.04.19ж.	<i>жасқ</i>
Экономикалық бөлім	16.04.19ж. - 30.04.19ж.	

Аяқталған дипломдық жобаның бөлімдерінің кеңесшілері мен норма
бақылаушының қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Жұмыс ауданы туралы жалпы мәліметтер	Ауелхан Е.С. техн. ғылым.канд., ассоц.проф.	30.03.19ж.	<i>Ауелхан</i>
Жобаланатын жұмыстардың түрлері мен көлемдері, барлауды жүргізу әдістемесі	Ауелхан Е.С. техн. ғылым.канд., ассоц.проф.	16.04.19ж.	<i>Ауелхан</i>
Экономикалық бөлім	Ауелхан Е.С. техн. ғылым.канд., ассоц.проф.	30.04.19ж.	<i>Ауелхан</i>
Нормалық бақылаушы	Э.М.Көлдеева PhD докторы, лектор	10.05.19	<i>Көлдеева</i>

Ғылыми жетекші

Көлдеева Э.М.

Көлдеева Э.М.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

Садық Д.С.

Садық Д.С.

Күні

" 16 " 05

2019 ж.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	8
1	Жұмыс ауданы туралы жалпы мәліметтер	9
1.1	Географиялық және әкімшілік жағдайлары туралы мәліметтер	9
1.2	Геоморфологиясы	10
1.3	Гидрографиясы	11
1.4	Жұмыс ауданының геологиялық құрылымы	11
	1.4.1 Палеозой іргетасының геологиялық құрылымының ерекшеліктері	12
	1.4.2 Гидрогеологиялық жағдайлары	13
2	Жобаланатын жұмыстардың түрлері мен көлемдері, барлауды жүргізу әдістемесі	15
2.1	Жұмыстарды ұйымдастыру	16
2.2	Бұрғылау жұмыстары	17
	2.2.1 Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Төртқұдық телімінде №1-№2 ұңғыманың гидрогеологиялық жағдайлары	17
2.3	Ұңғымаларды бұрғылау	18
2.4	Бұрғылаудағы қосымша жұмыстар	20
	2.4.1 Бұрғылау тәсілі мен бұрғылау станогын таңдау	20
	2.4.2 Пайдаланылатын және резервті ұңғымаларды бұрғылау үшін жуу сұйығын дайындау және параметрлерін таңдау	21
2.5	Бұрғылау қондырғысын құрастыру-бөлшектеу	21
2.6	Ұңғымада жүргізілетін геофизикалық жұмыстар	22
2.7	Ұңғымаларды жабдықтау	22
	2.7.1 Ұңғымалардың сазсыздануы	23
	2.7.2 Сулы горизонттың су өткізгіштігі мен су қайтарымдылығын қайта қалпына келтіру	24
2.8	Тәжірибелік-сүзілулік жұмыстар	25
2.9	Ұңғыма бастауын жабдықтау	26
2.10	Топография-геодезиялық жұмыстар	27
2.11	Режимдік бақылаулар	27
2.12	Зертханалық жұмыстар	28
2.13	Камералдық жұмыстар	29
3	Экономикалық бөлім	30
	Қорытынды	32
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	33
	А қосымшасы	
	Б қосымшасы	
	В қосымшасы	

АНДАТПА

Дипломдық жобаның мақсаты ҚазАтомПром КАТКО компаниясының Төртқұдық уран кенорынын техникалық және ауыз сумен қамтамасыз ету болып табылады. Жұмыс ауданының жалпы гидрогеологиялық жағдайлары Шу – Сарысу артезиандық алабына жатады. Жұмыс ауданы Созақ артезиан алабының солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан, ол екінші дәрежелі ірі Батыс-Шу-Сарысу алабының құрамына кіреді.

Төртқұдық телімінде әрқайсысының тереңдігі 240,0м №1-№2 ұңғымаларды бұрғылау қарастырылады. Іздеп – барлау ұңғымаларының пайдаланылатын бағаналарының диаметрлері ЭЦВ-8-40-120 типтес электрлік сораптарын орнатуға мүмкіндік береді, ол ұңғымаларды барлауда максималды дебитпен және тұрғындарды тапсырыс берілген ауыз сумен қамтамасыз ету үшін қабілетті.

АННОТАЦИЯ

Целью Дипломного проекта является обеспечение технической и питьевой воды уранового месторождения Торткудук Казатомпромом КАТКО.

Общие гидрогеологические условия района работ относятся к Шу-Сарысскому артезианскому бассейну. Район работ расположен в северо-западной части Сузакского артезианского бассейна, который является частью второго по величине массива Запад-Шу-Сарысу.

На участке Торткудук ведется бурение скважин №1-№2 на глубине 240,0 м. Поисково-разведочные скважины позволят установить электронасосы ЭЦВ-8-40-120, способные население питьевой водой.

ANNOTATION

The aim of the Diploma project is to provide technical and drinking water from the Tortkuduk uranium deposit Kazatomprom КАТКО.

The general hydrogeological conditions of the area of work belong to the Shu-Saryssky artesian basin. The work area is located in the northwestern part of the Suzak artesian basin, which is part of the second largest massif of the West-Shu-Sarysu.

In the Tortkuduk area, wells №1 - №2 are being drilled at a depth of 240.0 m. Exploration wells will allow the installation of electric pumps EPV-8-40-120 capable of drinking water.

КІРІСПЕ

Дипломдық жобаның мақсаты ҚазАтомПром КАТКО компаниясының Төртқұдық уран кенорынын техникалық және ауыз сумен қамтамасыз ету болып табылады.

Жобада келесі жұмыстар қарастырылған: сушоғырларын зерттеу, бұрғылау және тәжірибелік-сүзгілі жұмыстарды жүргізу, ұңғымаларда геофизикалық зерттеулерді жүргізу, жерасты суларының пайдалануға режимдік бақылаулар жүргізу, жерасты суларының барлау техникалық-экономикалық көрсеткіштерін барлау.

Жобада жұмыс ауданының қысқаша мәліметтері, жерасты суларының гидрогеологиялық сипаттамасы, жерасты сулары мен сапасы туралы мәліметтері, жерасты суларының техникалық-экономикалық көрсеткіштері, сушоғырларының ұсынылатын пайдалану сұлбасы және т.б. ұсыныстар бар.

1 Жұмыс ауданы туралы жалпы мәліметтер

1.1 Географиялық және әкімшілік жағдайлары туралы мәліметтер

Жобаланып отырған Төртқұдық телімі – Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданында орналасқан. Телімнің координаттары $44^{\circ}15' - 44^{\circ}36'$ с.е., $69^{\circ}00' - 69^{\circ}17'$ ш.б.

Бетпақ дала үстірт территориясында орналасқан және де бұл оңтүстік бөлігінде Шу өзеніне қарай еңістелген, биіктігі 80-100 м-ге тең эрозиялық кертпешпен батыс және солтүстіктен шектелген ірі жазықтықты жота болып келеді. Ауданда гидрографиялық тор анықталмаған. Шу өзені жұмыс ауданынан оңтүстікке қарай 120км-ге жерде орналасқан. Телімде қоңыр шөлді далалы, сирек сазды, саздақты, әдетте қатты сортаңдалған топырақтар таралған.

Жұмыс телімі Мойынқұм құмдақты массивінде құралған, шөлейтті көрсетеді. Абсолюттік белгілері массивтің солтүстігінде 192 метрден, оңтүстігінде 374 метрге дейін. Массив қарастырылып отырған телімде ұсақ жоталы, негізінен аллювиалды-эолды шығу тегіндегі өсімдігі тапшы далада құмдардан тұрады. Солтүстікте құмдар Шу аллювиалды жазықтық өзенімен шекараласады, абсолюттік белгісі 200-220м.

Қарастырылып жатқан ауданның климаты кенет континенталды. Бұл климатқа ауа температурасының кенет жылдық және тәуліктік ауытқулар сипат болып келеді. Қыс қысқа және аз қарлы. Минималды температура қыс айларында қаңтар айына келеді және -43° С тең, ал максималды температура шілде-тамыз айларында $+45^{\circ}$ С дейін жетеді.

Атмосфералық жауын-шашын ауданда аз түседі. Көпжылдық мөлшері 120-190 мм құрайды. Оның көп мөлшері наурыз-мауысым айларында (42 пайыз), қазаннан ақпан айына дейін 38-40пайыз, ал қалған 18-20пайыз мамыр-қыркүйек айларына келеді. Қар жамылғысының максималды қалыңдығы ақпан-наурыз айларында 26-56 см дейін жетеді. Қар жамылғысы бар күндер саны 44-55-тен 99-116-ты күнге дейін созылады. Орташа жылдық ылғалдылық 53-56пайыз тең болады. Топырақ жамылғысының қату тереңдігі 1,1-1,2 м-ге дейін жетеді.

Жер бетінен ылғалдылықтың орташа жылдық булану мөлшері 1400 мм тең. Қарастырылып отырған территорияда шығыс, солтүстік-шығыс және батыс бағытында желдер соғып тұрады. Желді айларға ақпан және наурыз айлары жатады. Желдің орташа жылдамдығы 2,0-ден 8,2 м/с дейін өзгереді.

Ауа температурасы. Аудан шектерінде көпжылдық бақылаулардың деректері бойынша орташа жылдық температура $+13+14^{\circ}$ С құрайды. Төмен температура қаңтар айында (-27° С), ал жоғары температура шілде айында ($+26,8^{\circ}$ С) байқалады. Қыс айларындағы максималды температура $+18-+24^{\circ}$ С, температураның максималды минимумы -35° С құрайды.

Жауын-шашындар. Атмосфералық жауын – шашындардың жылдық мөлшері 279,7-тен 306,9-ге дейін өзгереді (м/с. Мақтаарал). Жауын –

шашындардың негізгі мөлшері көктем мезгілінде наурыз – сәуір айларында түседі.

Ауаның ылғалдылығы жыл бойында енді шектерде ауытқиды. Орташа жылдық абсолюттік ылғалдылық 8,3мб. жетеді, қатысты ылғалдылық ақпан айында 79 пайыздан шілде айында 42 пайызға дейін өзгереді.

Ең ірі елді-мекендер телімнен 100-150 км орналасқан, Үлкен Қаратау тауалды жоталарында орналасқан, Шолақ Қорған, Созақ; Таукент ауылдары болып табылады. Барлық ауылдар гравийлі жолдармен біріккен. Шолақ Қорған аудан орталығы Шымкент қаласымен, Созақ, Жуан Төбе, Степное (Уванас кенорыны), ПВ-19 (Мыңқұдық кенорыны), ПВ-5 (Қанжуған кенорыны), №1 (Мойынкұм кенорыны) телімдерімен және салынып жатқан Таукент қаласымен асфальтталған тас жолмен байланысты.

Мойынкұм кенорынында ЖШС СП «КАТКО» көмегімен 100 км ұзындықты асфальтталған жол салынды, ол рудалы шоғырлар бойында құмдақты массив арқылы өтеді және Қанжуған және Мойынкұм кенорындарын Төртқұдық телімімен біріктіреді.

Өнеркәсіп негізінен Қанжуған, Мойынкұм (нөмір 1 телім– Оңтүстік), Уванас, Мыңқұдық кенорындарын игерумен байланысты, оларды өндіру Орталық, Степное және ЖШС СП «КАТКО» руда басқармаларының күшімен жүргізіледі.

Аудан құрылыс материалдарына бай: таулық бөлікте – гранит, әктас, тақтатастар; тауалды бөлігінде – қиыршық тас, гравий, құм, саз, барханды бөлігінде – құм.

Тұрғындарды сумен қамтамасыз ету артезиандық ұңғымалардан және грунт суларымен жүзеге асырылады. Суға минералдылық 0,5-1,0 г/л жоғары емес. Қалқыма судың тереңдігі – 10-20м.

Өзінше ағып шығу 11у шоғыры арқылы өтеді. Телімнің оңтүстік бөлігінде қаттық сулардың пьезометрлік деңгейінің тереңдігі 20-30м жетеді.

1.2 Геоморфологиясы

Жұмыс ауданы геоморфологиялық қатынаста тауалды аккумулятивті және аккумулятивті жазықтықты бөледі.

Тауалды аккумулятивті жазықтық ауданның оңтүстік бөлігінде табылады. Жазықтықтың жалпы еңісі Үлкен Қаратау жотасынан солтүстік – шығысқа бағытталған. Жазықтықтың ені 30 км жетеді. Абсолюттік белгілер солтүстік – шығыс бағыттан 450 -300м дейін азаяды. Жазық көптеген бұлақ арналарымен бөлінген. Арна тілмесінің тереңдігі 5-6 м.

Аккумулятивті жазықтық ауданның негізгі аумағын алып жатыр және Мойынкұм ірі құмдақты массивіне сәйкес келеді. Абсолюттік белгілері 250-350м шектерде өзгереді. Құмды төбелердің биіктігі 15м, қырқалар 60 м. Баурайлардың тіктігі 10° дейін. Ұяшықтардың тереңдігі 20м дейін.

1.3 Гидрографиясы

Қарастырылып отырған ауданда Шу, Талас және Сарысу өзендері ағады. Шу және Талас өзендері Қырғыз Алатауы тауларынан бастау алады.

Талас өзені 1000км ұзындықты иеленді. Талас Алатауы мен Қырғыз жоталары арасындағы аңғардан бастау алады және 1,5-2,0км дейінгі енді жақсы өңделген қазіргі аңғарды иеленеді. Өзеннің ұзындығы 340км, су жинайтын алап Қырғыз жотасы шектерінде орналасқан және шамамен 11 000 км² алаңды алады. Өзеннің ағыс жылдамдығы 0,8 м/с, орташа жылдық шығын 29,6 м³/с құрайды.

Шу өзені Тянь-шанның солтүстік тау сілемдерінен бастау алады. Ол қоректену жағдайлары бойынша мұздықтан қоректенуді иеленетін, аралас қоректенетін өзендерге жатады. Шу өзеніндегі судың максималды шығыны 310 м³/с, минималды 27 м³/с жетеді. Жаз кезінде өзендегі су суару каналдарымен толығымен алынады.

Шу өзенінің ең ірі су құйылысы Ақтас тауының солтүстік-батыс беткейлерінен ағатын Шербакты өзені болып табылады.

Сарысу өзені Жаман Сарысу және Жақсы Сарысу өзендерінің бірігуінен пайда болады. Олар Орталық Қазақстанның Жақсы Тағалы және Бұғалы тауларынан бастау алады. Өзеннің жалпы ұзындығы 700км, сужинайтын алаңы 43000км² құрайды. Ол негізінен Қарағанды және Қызылорда облыстарынан ағып өтеді, ал Созақ ауданынан шамамен 50км ұзындықпен, төменгі ағысы бойынша ғана кіреді.

Бұл өзендерден басқа Қаратау жотасының солтүстік –шығыс беткейлерінен бұлақтар мен ұсақ өзендердің үлкен бөлігі ағады. Олардың ұзындықтары 30-50км көп емес. Қаратау жотасының солтүстік –шығыс беткейлерінен ағатын мұндай өзендердің саны шамамен 60. Олардың сулары тұщы, минералдылығы 1г/л. Олардың шығындары әдетте 20-40л/с шектерде ауытқиды.

1.4 Жұмыс ауданының геологиялық құрылымы

Төртқұдық телімнің ауданы Шу-Сарысу депрессиясының оңтүстік бөлігінде орналасқан және ірі Шу-Сарысу депрессиясының батыс бөлігінде орналасқан және ірі эпикаледондық құрлымдық ойпат болып, үш ярусты құрылымды сипаттайды. Оның тік қимасында келесі ярустар бөлінеді: 1) төменгі (қатпарлы каледон іргетасы); 2) ортаңғы (аралық жартылай платформалық); 3) жоғарғы (мезо-кайназой шөгінділерінен құралған платформалық қабат).

Тау жиегінің геологиялық құрылымы әдебиетте жақсы қарастырылған, сондықтан бұл тарауда негізгі назар Шу-Сарысу депрессиясының оңтүстік бөлігінің құрылымына бөлінген. Жұмыс ауданында таралған түзілімдердің стратиграфиялық бөлінуіне сәйкес протерозой, палеозой, мезозой, кайнозой

және интрузивті таужыныстары таралған. Протерозой, палеозой және интрузиялар кешені Қаратау тауында жатады, ол ауданның табиғи оңтүстік-батыс шекарасы болып табылады. Таужыныстарының бұл кешені оның бүкіл аумағында алаптың қатты іргетасы болып табылады.

1.4.1 Палеозой іргетасының геологиялық құрылымының ерекшеліктері

Төменгі құрылымдық қабаттың қатпарлы іргетасы Мойынқұм, Үлкен Қаратау жоталарында ашылған және кайнозой жамылғысымен тауалды сатысы болып табылатын, Итмұрын кертпешінде байқалады. Бұл құрамы бойынша кембрий – ордовиктің карбонатты және флишті жаралымдары. Олардың қалыңдығы белгіленбеген.

Созақ ойпатында 600-1000м тереңдікте жататын палеозой негізі жоғарғы таскөмірдің қызыл түсті терригенді формацияларымен және пермнің 1000м дейінгі қалыңдықтағы құмдақ, құмайтас және аргиллиттерімен ашылған. Төртқұдық телімінде ойпаттың солтүстік бортына қарай палеозойға дейінгі іргетастың тереңдігі 120м дейін азаяды.

Ауданда магмалық жаралымдар құрылымдық геофизика деректері бойынша мезокайнозой тысында белгіленген.

Депрессия мен кенорын ауданының қазіргі құрылымдық жобасы плиоцен мен төрттік уақытының шекарасында қоршап тұрған горсты құрылыстардың кенет көтерілуінен пайда болған. Қаратау горстанклинорийдің пайда болуына байланысты Шу-Сарысу депрессиясының көршілес Сырдария депрессиясынан бөлінуіне әкелді, кейін бұл депрессия жеке құрылыс ретінде түзілген.

Ойпат оңтүстік-батыс бағытында бағытталған жазық аймақты еңістелген шөгінді қабатымен сипатталған, оның орташа құлау бұрышы 15⁰ тең. Оның осы бөлігінде Созақ ойысы бөлінеді, оның жалпы қалыңдығы 800 м-ге дейін жетеді. Қаратау антиклинорийне қаралған ойыстың оңтүстік-батыс бөлігі солтүстік-шығыс бөлігіне қарағанда қия болып келеді: таужыныстардың құлау бұрышы бірнеше градусқа жетеді, ал Бас Қаратау жарылым белдемінде бірнеше ондаған градусқа дейін жетеді. Кенорының оңтүстік шекарасы Созақ ойысының солтүстік-шығыс бөлігін қамтиды және де солтүстік бағытында Бугуджил көтеріліміне ауысады, ол жерде аралық құрылымдық этаж 410 м тереңдікте ашылады.

Жұмыс ауданы өзінің геологиялық дамуында қарқынды тектоникалы процестерге ұшыраған, осының нәтижесінде негізгі геологиялық құрылымдар қалыптасты: Үлкен және Кіші Қаратау, Жезқазған –Сарысу ойпаты, Ұланбел –Талас көтерілімі, Үшарал ойысы, Тасты көтерілімі, Белеуті – Көкпансор ойысы, Бұғыжал кертпеші, Созақ – Байқадам ойысы және басқа да ұсақ құрылымдар.

1.4.2 Гидрогеологиялық жағдайлары

Жұмыс ауданының жалпы гидрогеологиялық жағдайлары Шу –Сарысу артезиандық алабына жатады. Жұмыс ауданы Созақ артезиан алабының солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан, ол екінші дәрежелі ірі Батыс-Шу-Сарысу алабының құрамына кіреді.

Батыс-Шу-Сарысу алабы– бұл орталық бөлігі төмендетілген және шеткі бөліктері көтерілген жартылай тұйық құрылым және де ол гидродинамика құрылымын анықтайтын жерасты суларының аймақтық қалыптасу облысы болып келетін таулы неотектоникалық құрылымдармен байланысты. Созақ бассейнінің шекарасы шығыста – Ұланбел-Талас валы бойымен, солтүстікте – Тасты көтерілімі бойымен, батыста – Бұғыжал кerpеші бойымен, ал оңтүстікте – Қаратау жотасы бойымен бағытталған. Созақ артезиан бассейнінің тік қимасында екі гидрогеологиялық этаж бөлінген. Төменгі этаж жарықшақты-желілі сулары бар палеозой жарықшақты таужыныстарымен, ал жоғарғы этаж арынсыз жерасты сулары бар неоген-төрттік шөгінділерімен және арында сулары бар палеоген және жоғарғы бор шөгінділерімен көрсетілген.

Қаттық сулардың Шу-Сарысу алабы Оңтүстік Қазақстанның аттас депрессиясымен ұштасқан, ол Қырғыз және Талас Алатаудан солтүстікке қарай, Қаратау, Кіндіктас және Шу – Іле таулары арасында орналасқан, ал солтүстік – батыста Оңтүстік Торғай ойпатымен қосылады.

Алаптың аумағы морфологиялық таудан өзен аңғарларына дейінгі бетпен ашылған. Өзен торабы алаптың жерасты суларының қалыптасуы мен құрғауында басты ролді атқарады.

Алаптың шөгінді тысының қалыңдығы 500 - 2000м дейін өзгереді. Ол альб –сенонның, ортаңғы эоцен – олигоценнің және неоген –төрттік түзілімдердің терригенді түзілімдерін қосады. Аймақтық сутірек шаған свитасының саздары болып табылады. Шу ойысында бор мен палеоцен – эоценнің бұлақ сулары таралған. Жерасты суларының аймақтық ағыны шығыстан Арыс көлінің солтүстігіне бағытталған. Арынды сулардың айтарлықтай бөлігі Шу өзен аңғарында арылады, ол тереңдік жарылымды бақылайды.

Мезозой – кайнозой сулы қабаты, сүзілу қасиеттері жоғары малтатас, құм, нашар цементтелген құмдақтармен және жерасты суларының мол ресурстарымен ашылған, борпылдақ сынықты таужыныстарының кеңінен таралуымен ерекшеленеді.

Эоцен түзілімдері, шаған свитасының сутіректі қабаты (P₂). Бұл кешен аймақтық сутірек астында – шаған свитасының саздарымен ашылады. Сулы таужыныстары саздар мен аргиллитердің ішінде, қабатшалар түрінде жататын, құмдар мен құмдақтар болып табылады. Түзілімдердің жалпы қалыңдығы 20 -120м дейін өзгереді. Жеке сулы қабатшалардың қалыңдығы кейде 60–80м жетеді.

Жерасты сулары арынды, кей жағдайларда өзіндік құйылыста. Ұңғымалардың дебиттері орта шамамен 15–25 дм³/с құрайды. Қоректену облысында тұщы сулар таралған.

Палеоцен - эоцен сулы кешені бойынша Созақ кенорыны шектерінде мың.м³/тәулік мөлшерде қорлар бекітілген. бұл кешен төрт телімде іздеп – барлау жұмыстарының объектісі болып табылады.

2 Жобаланатын жұмыстардың түрлері мен көлемдері, барлауды жүргізу әдістемесі

Жоба бойынша жұмыстар қазіргі әдістемелік нұсқауларға сәйкес, келесідей жүйеде орындалатын болады: ұнғымаларды бұрғылау – ҰГЗ – ұнғымаларды жабдықтау – тәжірибелік сұтартулар – сынамалау – зертханалық зерттеулер; содан кейін 1 жыл бойында режимдік бақылаулар. Жоба бойынша жұмыстарды орындауға 24 ай қажет.

1 және 2 кестеде вахталық поселкелердің саны келтірілген, оның аумағында суға тапсырыс берілген қажеттілікті, сол сияқты өндірісті де жерасты суларымен қамтамасыз ету үшін іздеп-барлау жұмыстары жүргізілетін болады.

2.1 Кесте – Вахталық поселкенің суға тапсырыс берілген қажеттілігі

Реттік №	Облыс, аудан	Кенорынының атауы	Вахталық поселкенің саны (адам) 05.07.2018 жылға.	Суға тапсырыс берілген қажеттілік		
				м ³ /тәу.	л/с	м ³ /сағ.
1	ОҚО, Созақ ауданы	Төртқұдық	1000	160	1,85	6,6

2.2 Кесте – Өндірістің суға тапсырыс берілген қажеттілігі

Реттік №	Облыс, аудан	Кенорынының атауы	Өндірісте суға тапсырыс берілген қажеттілік		
			м ³ /сут	л/с	м ³ /час
1	ОҚО, Созақ ауданы	Төртқұдық	5000	57,8	208,3

Жобланып отырған іздеп-барлау жұмыстары, алдын ала барлаудың жеке элементтерімен, толық іздеуге сәйкес келетін, бір сатылы сипатты иеленетіндіктен, жобада далалық жұмыстарды жүргізудің кезеңдері бөлінеді.

Бірінші кезеңде тжобаланған жұмыстардың телімдерінде жүргізілген, гидрогеологиялық зерттеулер бойынша қолда бар фондылық материалдар зерттеледі, гидрогеологиялық маршруттар жүргізіледі, Жоба жасалады. Алынған гидрогеологиялық және геофизикалық материалдарды алдын ала өңдегеннен кейін екінші кезеңдегі жұмыстар басталады, олар келесідей жұмыс түрлері мен көлемдерін қамтиды 2.3 кесте:

2.3 Кесте - Жобаланған жұмыс түрлері мен көлемдері

Реттік №	Жұмыстың аты	Өлшем бірлігі	Жұмыс көлемі
I	Өзіндік геологиялық жұмыстар		
1	Далалық жұмыстар		
1.1	Бұрғылау жұмыстары	скв.	2
1.2	Ұңғымалардағы геофизикалық жұмыстар (ҰГЖ)	скв.	2
1.3	Ұңғымаларды жабдықтау	оборуд.	2
1.4	Ұңғымаларды сазсыздандыру	скв.	2
1.2	Тәжірибелік жұмыстар	откач.	2
1.4	Топогеодезиялық жұмыстар	точка	2
1.6	Зертханалық жұмыстар	анализ	
1.7	Режимдік бақылаулар	мес	2
II	Камералдық жұмыстар	%	100

2.1 Жұмыстарды ұйымдастыру

Камералдық жұмыстар осы жоба бойынша жұмысты орындайтын, өнеркәсіптің базасында жүргізіледі.

Төртқұдық телімі температуралық белдемде орналасқан, мұнда қыс мезгілі 20 қазанда басталады және 15 сәуірде аяқталады. Бұл мезгілде жұмысты жүргізуде жоспар-графикке сәйкес жұмыстардың қымбаттауына шығындарды қарастыру қажет.

Осы жобамен қарастырылған жұмысты орындаушының жұмыс тәжірибесі болуы керек, өйткені жерасты суларының пайдаланылатын қорларын бағалау инженер-гидрогеологтардың жоғары мамандығын талап етеді.

Аудан температуралық белдемде орналасқан, мұнда қыс мезгілі 20 қазанда басталады және 15 сәуірде аяқталады. Бұл мезгілде жұмысты жүргізуде жоспар-графикке сәйкес жұмыстардың қымбаттауына шығындарды қарастыру қажет. Осы жобамен қарастырылған жұмысты орындаушының жұмыс тәжірибесі болуы керек, өйткені жерасты суларының пайдаланылатын қорларын бағалау инженер-гидрогеологтардың жоғары мамандығын талап етеді.

Дала жұмыстары өнеркәсіптің қызметкерлері және аспаптары бойынша жүзеге асырылады. Дала материалдарының камералды өңделуі және учаскесінің пайдалану қорларын есептеп, есептемені құрастыру геологиялық ұйым келісім шарт бойынша жасайды. Барлау жұмыстары аяқталғаннан кейін жұмыстарды жою жүргізіледі, яғни барлау жұмыстарында қолданылған құрылыстар мен қондырғылар жойылады.

2.2 Бұрғылау жұмыстары

Ұңғымаларды бұрғылау жерасты суларын іздеуде жұмыстың негізгі түрі болып табылады. Жобаланған телімдердің жақсы зерттелген гидрогеологиялық жағдайларын ескере отырып, әрбір телімде бір іздеп-барлау жұмыстары ұңғымасын бұрғылау қарастырылады.

Ұңғымалар 1БА-15В қондырғысымен, сазды ерітіндімен жуу арқылы роторлы әдіспен кернсіз бұрғыланады. Кендерді өндіру технологиясы бойынша пайдалану және қосымша ұңғыма бұрғылануы тиіс.

Ұңғымаларды бұрғылау жерасты суларын іздеуде жұмыстардың негізгі түрлері болып табылады. Жобаланатын телімдердің гидрогеологиялық жағдайларының жақсы зерттелу сипаты мен жұмыстарды жүргізудің аз уақытын ескере отырып әрбір телімде бір ұңғымадан бұрғылау қарастырылады.

Жобаланатын ұңғымалардың тереңдіктерін таңдау үшін негіз болып табылатын, әрбір телім мен олардың параметрлері бойынша перспективті сулы горизонттардың қысқаша сипаттамасы төменде келтірілген.

2.2.1 Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Төртқұдық телімінде №1 ұңғыманың гидрогеологиялық жағдайлары

Төртқұдық телімін сумен қамтамасыз ету үшін жерасты суларын іздеу телімі 200 000 масштабтағы L-42-XXXIII парағының орталық бөлігінде орналасқан және аудан орталығы Шолаққорған ауылынан солтүстікке қарай 80км арақашықтықта табылады.

Жерасты суларын іздеу үшін барынша келешегі бар палеоген түзілімдерінің сулы кешені болып табылады (Pg_2^2). Бұл кешен аймақтық сутірек астында неоген саздарымен ашылады. Сулы таужыныстары құмдар болып табылады. Түзілімнің жалпы қалыңдығы 20-50м дейін өзгереді. Жерасты сулары арынды, өздігінен төгіледі. Ұңғымалардағы дебиттер орташа 0,7–35 л/с (ұңғ. нөмір1928,31) құрайды. Деңгей төмендеуі 7-17,5м құрайды. Судың минералдылығы 0,2-0,8г/дм³ дейін өзгереді.

Төртқұдық телімінде 240,0м тереңдікті нөмір 1 ұңғыманы бұрғылау қарастырылады. Нөмір 1 ұңғыманың жобалық қимасы нөмір 1928,31 ұңғымалар бойынша алынады және келесідей түзілімдермен көрсетілген (2.4 кесте).

Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Төртқұдық телімінде №2 ұңғыманың гидрогеологиялық жағдайлары

Төртқұдық телімін сумен қамтамасыз ету үшін жерасты суларын іздеу телімі 200 000 масштабтағы L-42-XXXIII парағының орталық бөлігінде орналасқан және аудан орталығы Шолаққорған ауылынан солтүстікке қарай 80км арақашықтықта табылады.

Жерасты суларын іздеу үшін барынша келешегі бар палеоген түзілімдерінің сулы кешені болып табылады (Pg_2^2). Бұл кешен аймақтық сутірек

астында неоген саздарымен ашылады. Сулы таужыныстары құмдар болып табылады. Түзілімнің жалпы қалыңдығы 20-50м дейін өзгереді. Жерасты сулары арынды, өздігінен төгіледі. Ұңғымалардағы детиттер орташа 0,7–35 л/с (ұңғ. нөмір 1928,31) құрайды. Деңгей төмендеуі 7-17,5м құрайды. Судың минералдылығы 0,2-0,8г/дм³ дейін өзгереді.

Төртқұдық телімінде 240,0м тереңдікті нөмір 2 ұңғыманы бұрғылау қарастырылады. нөмір 2 ұңғыманың жобалық қимасы нөмір 1928,31 ұңғымалар бойынша алынады және келесідей түзілімдермен көрсетілген (2.5 кесте).

2.3 Ұңғымаларды бұрғылау

Агрегаттар мен қондырғылардың техникалық сипаттамалары геология-техникалық нарядтардың талаптарына жауап береді. Ұңғымаларда бұрғылау аяқталғаннан кейін геофизикалық жұмыстардың кешені жүргізіледі, шегендеу құбырлары мен сүзгілер орнатылады, тәжірибелік-сүзілулік жұмыстар орындалады. Гидрогеологиялық жұмыстар кешенін жүргізгеннен кейін пайдалану үшін ұңғымаларды жабдықтау жүргізілді.

Ұңғымалар шөгінді гравийлі-малтатасты, құм, құмдақты-сазды және сазды жаралымдарды ашады, тереңдіктері 240м дейін.

Жобалық ұңғыманың конструкциясы телімдер бойынша қолда бар фактілік материалды, жобалық қима мен суға қажеттілікті ескеру арқылы келесі конструкцияларда (қосымша Б.2.9, Б.2.10 кесте) таңдалған. Орташаланған геологиялық қималардың негізінде категориялар бойынша бұрғылау жұмыстарының көлемдерінің кестесі жасалған, ол (қосымша Б.2.8 кестеде) келтірілген.

Іздеп – барлау жұмыстары барысында бұрғылау далалық зерттеулердің негізгі түрі болып табылады. Ұңғымаларды бұрғылау бойынша жұмыстар геологиялық қиманы, сулы таужыныстарының құрамы мен олардың сулылығын зерттеу, су құйылыстары аралықтарын анықтау, жерасты сулары сапасын талдау мен режимдік бақылауларды жүргізу мақсатында жүргізіледі.

Ұңғымаларды бұрғылау таужыныстарының төмендегі және қайта жамылатын сулы горизонттарының сипатын, сулы горизонттардың басқа сипаттамалары мен гранулометрлік құрамы мен қалыңдығын зерттеуге мүмкіндік береді.

Іздеп – барлау ұңғымаларының тереңдігі сулы қабаттың қалыңдығына, жер бетінен суды өткізбейтін қабаттың жатыс тереңдігіне байланысты.

Ұңғымаларды орналастыру нүктелерінде алаңшаны тазарту мен тегістегеннен кейін бұрғылауды жүргізуде сазды ерітіндінің циркуляциясы үшін 2 м тереңдікті және 2,5×2,5м қималы шурф қазылады.

Төртқұдық телімінде 2 іздеп – барлау ұңғымасы, кернсіз айналмалы механикалық тәсілмен бұрғыланады, әрқайсысының тереңдігі 240 м дейін,

0-10м аралықта – бұрғылау 490мм диаметрлі қашаумен, 377мм диаметрлі шегендеу бағанасының (кондуктор) астында, кондуктордың сағаға +0,2м

шығуымен қарастырылады, құбыр маңы кеңістігі 0-10м аралықтарда цементтеледі. Содан кейін 10-130м дейінгі тереңдікте қазу үшін 273мм диаметрлі шегендеу бағанасының (кондуктор) астында, кондуктордың сағаға +0,5 шығуымен 349,2 мм диаметрлі қашау қолданылады, ары қарай бұрғылаудың жобалық тереңдігіне дейін 190,5мм диаметрлі қашау қарастырылады.

Геофизикалық зерттеу кешенін жүргізгеннен кейін ұңғыманы ҰГЗ әдісімен 139,7мм диаметрлі сүзгілік бағанамен жабдықталады. Сүзгінің суды қабылдайтын бөлігі штампталған табақтан, тоттанбайтын болаттан, тесіктен тұрады, ұзындығы 10 -15,0м дейін. Сүзгіні бір бағанада орнату қарастырылады. Сүзгінің жұмыс бөлігін орнату, бұрғылаудан кейін жүргізілген, аралықтары каротажды жүргізген соң және геофизикалық зерттеулердің интерпретация нәтижелерінен кейін таңдалады.

Ұңғымамен ашылған сулы горизонттардың негізгі параметрлерін белгілеу үшін 30 бр/см ұзақтықпен тәжірибелік сутартуды жүргізу қарастырылады.

Тәжірибелік сутартуларды жүргізгеннен кейін деңгейдің қайта қалпына келуі болады. Қайта қалпына келудің ұзақтығы 6 бр/см құрайды. Нөмір 1,2 жобалық ұңғымаларда таужыныстарының категориясы 2.6 кестеде келтірілген.

2.6 Кесте – №1 және №2 жобалық ұңғымаларда таужыныстарының категориялары

Тереңдік, м	Ұңғымалар саны, дана	Бұрғылау көлемі, м.б.	Категориялар бойынша бұрғылау көлемі			
			II	III	V	VIII
240	2	480	66	31	123	20

Бұрғылауды келесі параметрлерді иеленетін жуу сұйығын (сазды ерітінді, бентонитті саз) қолдану қарастырылады:

- үлестік салмағы – 1,2г/см;
- тұтқырлық – СПВ-5 бойынша 20-60сек;
- су қайтарымдылық –30минутта 5-10см;
- тәуліктік тұнба – 3пайыз;
- құмның құрамы – 2-3пайыз;
- саз қабатының қалыңдығы – 2,0см;
- тұрақтылық – 0,04-0,05;

100м параметрлерде бұрғылауда сазды ерітіндінің шығыны $20\text{м}^3 \cdot 1,0 = 20\text{м}^3$. Көлемі: $5 \cdot 480 / 100 = 24 \text{ т}$;

Судың шығыны: $66 \cdot 480 / 100 = 316,8 \text{ м}^3$.

2.4 Бұрғылаудағы қосымша жұмыстар

Ұңғыма конструкциясын таңдау: сүзгілердің типтері, жұмыс бөліктерінің диаметрлері мен ұзындықтары, соңғылар суға қажеттілікке байланысты алынады, динамикалық деңгейдің жағдайы мен сулы горизонттардың барынша перспективті аралықтарын ашу қажеттілігі.

Жобаланатын ұңғымалардың техникалық сипаттамалары мен қималар туралы деректер геология-техникалық нарядттарда келтірілген.

Диаметрлі кондукторды орнатып, ары қарай цементтеу қарастырылады. Кондукторларды орнатудың орташа тереңдігі 10м.

Бір ұңғыманың құбырын цементтеу үшін цементті ерітіндінің мөлшері төмендегі формуламен анықталады:

$$V = [\pi \cdot (D_{\text{бур}} - D_{\text{обс}}) / 4] \cdot H = [3,14 \cdot (0,490 - 0,377) / 4] \cdot 10 = 0,89 \text{ м}^3. \quad (2.1)$$

Бүкіл көлемге: $0,89 \cdot 2 = 1,78 \text{ м}^3$

1 м³ бетонды ерітіндіні дайындау үшін құрғақ цементтің мөлшері төмендегі формуламен анықталады:

$$Q = [d(d_{\text{ц}} - d_{\text{в}})] / (d - d_{\text{в}}) = [3,15(1,85 - 1,0)] / (3,15 - 1,0) = 1,25 \text{ т}, \quad (2.2)$$

мұндағы d – цементтің үлестік салмағы

$d_{\text{ц}}$ – цементті ерітіндінің үлестік салмағы

$d_{\text{в}}$ – судың үлестік салмағы

Бүкіл көлемге: $1,25 \cdot 2 = 2,5 \text{ т}$.

Бір ұңғыманың құбырын цементтеу үшін цементтің қату уақыты 24сағатты немесе 3,43бр/см құрайды.

Бүкіл көлемге құрайды:

$3,43 \cdot 2 = 6,86 \text{ бр/см}$.

Жұмыстар аяқталғаннан кейін ұңғымаларды пайдалануға беру керек, осыған байланысты шегендеу құбырлары мен сүзгілер ұңғымаларда қалдырылады

2.4.1 Бұрғылау тәсілі мен бұрғылау станогын таңдау

Жұмыс телімдерінің геология-гидрогеологиялық жағдайларын ескере отырып ұңғымалар айналмалы-механикалық тәсілмен 1Б А-15В немесе УРБ-3АМ станогымен бұрғыланады, кернсіз. Бұл агрегаттардың техника-экономикалық сипаттамалары қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

2.4.2 Пайдаланылатын және резервті ұңғымаларды бұрғылау үшін жуу сұйығын дайындау және параметрлерін таңдау

Бұрғылау жұмыстары жүргізілетін телімдердің литология-гидрогеологиялық жағдайлар жуу сұйығы ретінде сазды ерітіндіні пайдалану қажеттілігін негіздейді. Сазды ерітіндіні дайындау үшін бентонитті сазды қолдану керек.

Сүзгі бағана орнатылғаннан кейін сынамалы су тарту алдында 2 тәулік сазды ерітіндісінен ұңғыма тазаланады. Сазды ерітіндісінен тазалау 11-ГР сорғыш арқылы, әр сүзгінің ішіне бұрғылау құбырларын түсіріп таза сумен жуу арқылы жүргізіледі.

Ұңғыманы сазды ерітіндісінен тазалағаннан кейін сулы горизонттарды қоздыру және сүзгіні тазалау үшін эрлифтпен су айдалады. Сукөтергіш құбырлардың диаметрі 127 мм және олар 75 м тереңдікке түсіріледі, ал ауа өткізгіш құбырларды 65 м тереңдікке түсіреді. Эрлифтпен ұңғыманы тазалау таза су шыққанша дейін жүргізіледі және оның ұзақтылығы 6 бр/см дейін созылуы мүмкін. Лас су және құм шыққан жағдайда сумен жуу 6 бр/см ұзақ жүргізіледі және бұл жұмыстарға қосымша құжат жасалады.

Сумен жуу ПР-15 компрессорына қосылған эрлифті қондырғымен жүзеге асады. Сумен жуу аяқталғаннан кейін су қысқартылған химиялық талдауға жіберіледі.

2.5 Бұрғылау қондырғысын құрастыру-бөлшектеу

Бұрғылау қондырғысы 20x11м көлемді жоспарланған алаңда құрастырылады, оның шектерінде сазды ерітінді үшін зумпф алынады (1,5x1,5x1,5м), айналмалық жүйе жабдыкталады: суды бұрғыш және кірме жолдарды жабдықтау. Барлығы бұрғылау қондырғысының 2 құрап-бөлшектеу жобаланады.

Алматы қаласынан Төртқұдық теліміне дейін бұрғылау қондырғысының кірме жолы асфальт бойынша 1010км, Төртқұдық телімінен Алматы қаласына дейінгі жол асфальт бойынша 1010км құрайды.

Барлығы – 2020км.

2.7 Кесте – Станоктың көшірілуі

Көшулер		Ұңғыманың тереңдігі, м	Арақашықтық, км
